

«К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өнерлік университеті» КеАҚ

«БЕКІТЕМІН»

К. Жұбанов атындағы Ақтөбе
өнерлік университетінің

Басқарма Төрагасы-Ректоры

И. Карабасова Л. Ч.

«23» 09 2022 ж.



ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

Қызметтік пайдалануға арналған басылым

Актобе, 2022 ж.

ОСЫ ЕРЕЖЕ ӘЗІРЛЕНДІ

Академиялық қызмет
департаментінің директорымен С.К. Бишекен

Академиялық сапаны арттыру
департаментінің директорымен Е.А.Дұзмагамбетов

Басқарма шешімі негізінде («23» 09 2022 ж. хаттама № 46)
К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университетінің Басқарма Төрағасы-
Ректорымен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗІЛДІ**

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ: жаңасын ауыстырганға дейін

ЕҢГІЗІЛГЕН: 12.08.2020 жылғы нұсқаның орнына

Осы Ереже К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университетінің
Басқарма Төрағасы-Ректорының ресми рұқсатынсыз ресми басылым ретінде
толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

Осы Ереже К.Жұбанов атындағы АӨУ Басқарма Төрағасы-
Ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесіндегі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес өзірленді және Қ. Жұбанов атындағы Актөбе өңірлік университетінде элективті пәндер каталогын құру тәртібін белгілейді.

Ережені элективті пәндер каталогын өзірлеу процесіне қатысатын ЖОО-ның барлық кафедралары, құрылымдық оку бөлімшелері пайдаланады.

2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

- 2.1 Жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің жалпыға міндетті стандарты. (Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бүйрығы)
- 2.2 Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары (ҚР БФМ 2018 жылғы 16 қарашадағы №634 бүйрығы).
- 2.3 Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оку процесін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БФМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бүйрығы, 06.05.2021 ж. №207 өзгертулермен және толықтырулармен).
- 2.4 Жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БФМ 2018 жылғы 30 қазандығы №595 бүйрығы, 2021 жылғы 29.12. №614 өзгерістермен және толықтырулармен).
- 2.5 ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің оку пәндерін кодтау жүйесі. Негізгі ережелер. ҚР МЖМС 5.05.001-2005.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- 3.1 академиялық кезең (term) - Теориялық оқыту кезеңін, үш форманың бірін білім беру ұйымы өзі таңдайды : семестр, триместр, тоқсан;
- 3.2 академиялық еркіндік – білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдану мақсатында тандау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері және білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша білім беру мазмұнын өз бетінше айқындау үшін оларға берілетін білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктерінің жиынтығы;
- 3.3 оку пәніне жазылу (Enrollment) - білім алушыларды оку пәндеріне алдын ала жазылу рәсімі;
- 3.4 жеке оку жоспары (ЖОЖ) – білім алушының білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде әдвайзердің көмегімен әрбір оку жылына дербес қалыптастыратын жеке оку жоспары (ЖОЖ);

- 3.5 ЭПК-тандау бойынша компоненттің барлық пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізбесі;
- 3.6 құзыреттіліктер-білім алушылардың оку процесінде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын көсіби қызметте практикалық қолдану қабілеті;
- 3.7 кредит (Credit, credit-hour) - білім алушы мен оқытушының оку жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі
- 3.8 оқытудың кредиттік технологиясы-дараландыру, білім беру траекториясын тандау және кредиттер түрінде игерілген оку материалының көлемін есепке алу негізінде өздігінен білім алу және білімді шығармашылық итеру деңгешін арттыруға бағытталған білім беру технологиясы;
- 3.9 модульдік білім беру бағдарламасы (МББ) – білім алушылардың белгілі бір академиялық дәреже немесе біліктілік алу үшін кажетті негізгі құзыреттерді менгеруіне бағытталған оку модульдерінің жиынтығын қамтитын оқыту бағдарламасы;
- 3.10 пәннің сипаттамасы (Course Description) - пәннің мақсаттары, міндеттері мен мазмұнын қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы (5-8 сөйлемнен тұрады);
- 3.11 Тіркеу офисі - академиялық қызмет, білім алушының оку жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз етеді;
- 3.12 постреквизиттер (Postrequisite) - осы пәнді окуды аяқтағаннан кейін алынған білім, білік және дағды талап етіletіn пәндер;
- 3.13 пререквизиттер (Prerequisite) - оқытылатын пәнді менгеру үшін кажетті білім, білік және дағдыларды қамтитын пәндер;
- 3.14 оку жұмыс жоспары - білім беру ұйымдары білім беру бағдарламасының (ББ) үлгілік оку жоспары және білім алушылардың жеке оку жоспарлары негізінде дербес әзірлейтін құжат;
- 3.15 білім алушының өзіндік жұмысы - пәннің барлық оку материалдары бойынша интерактивті кеңес беру (чат, форум) және білім алушылардың теориялық материалды өз бетінше зерделеуі;
- 3.16 оқытушының басшылығымен білім алушының өзіндік жұмысы-бекітілген кесте бойынша жүргізіletіn оқытушының басшылығымен білім алушының аудиториядан тыс жұмысы;
- 3.17 элективті пәндер-белгіленген кредиттер шенберінде тандау компонентіне кіretіn және білім беру ұйымдары енгізетіn, білім алушының жеке дайындығын көрсететіn, нақты өнірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін және кажеттіліктерін ескеретіn, жоғары оку орнының қалыптасқан ғылыми мектептері.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 ЭПК мамандықтар үшін оку-әдістемелік кешенінің міндетті элементтерінің бірі болып табылады.

4.2 ЭПК университеттің барлық білім беру бағдарламалары үшін жасалады және кәсіби кызметтің барлық профильдері мен түрлерін ескеретін пәндердің барлық мүмкін болатын спектрін камтиды.

4.3 ЭПК-ның басты мақсаты білім алушыларға элективті пәндер бағдарламаларының қысқаша мазмұнымен танысуға, олардың мағыналы таңдалуын қамтамасыз етуге, білім алушылардың оқыту траекториясын икемді және дербес айқындауға мүмкіндік беру болып табылады.

4.4 Элективті пәндердің мақсаты-белгілі бір жүйелі курстың түйіндік тақырыптарын терең зерттеу, оларды игеру кәсіптік даярлықтың сапасын аныктайды, ғылыми таным әдіснамасын менгереді, ғылымның жекелеген жеке мәселелері бойынша зерттеу қызметін үйімдастырады.

4.5 ЭПК білім алушыларға элективті оку пәндерін балама тандау мүмкіндігін камтамасыз етеді.

5 ЭЛЕКТИВІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН ЖАСАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 ЭПК модульдік білім беру бағдарламасына қосымша әзірленеді
5.2 ЭПК белгілеушік жасалады

5.2 ЭПК белгіленген күрілымға ие:

- бірынғай кодтау жүйесін сақтай отырып, элективті пәннің атавы;
 - кредиттік көлем;
 - академиялық кезең;
 - курс авторы (оқытушыны тандағанда);
 - элективті зерттеу максаты;
 - пәннің қысқаша мазмұны (негізгі модульдерді көрсете отырып);
 - пәннің пререквизиттері мен постреквизиттері;
 - құзыреттер (білім алушылардың алған білімі, іскерлігі, дағылары)

5.3 Ұсынылатын элективті пәндердің тізбесін білім алушылардың жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында айқындалған кәсіптік құзыреттерді толық көлемде менгеру қажеттілігіне сәйкес білім беру бағдарламалары бойынша кафедралар айқындейды, салалық біліктілік шенбері білім беру салалары, Ұлттық біліктілік шенбері, «Педагог» кәсіби стандарты.

5.4 Білім беру бағдарламасының электривті компонентін әзірлеуге оқытушылардын, білім алушылардың және жұмыс берушілердің катысы усынылады.

мамандығы шеңберінде еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, қызметтің нақты саласына бағдарланған білім беру бағдарламасын мөмкіндік береді.

5.6 Пәндерді таңдау принципін іске асыру үшін қалыптастырылатын элективті компоненттің немесе білім беру траекториясының кемінде 2-3 балама нұсқалары ұсынылады. МОЖ (модульдік оқу жоспары) бойынша таңдау принципі баламалы модульдердің екі немесе бірнеше нұсқалары бойынша жүзеге асырылады.

5.7 Элективті пәндер таңдалған оқыту траекториясы бойынша даярлықты толықтыру, кеңейту және терендету үшін Элективті пәндер каталогына сәйкес білім беру бағдарламасының оқу жоспарларына енгізіледі.

5.8 Ұсынылатын курстар білім алушыларға пәнді менгеру үшін қажетті оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілуі тиіс.

5.9 ЭПК-ның мазмұны, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету және білім беру процесінде элективті пәндерді іске асыру жауапкершілігі факультеттер декандарына және кафедра менгерушілеріне жүктеледі.

6 ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

6.1 ЭПК білім бағдарламалары бойынша жауапты бітіруші кафедра жасақтайды.

6.2 ББ бойынша элективті пәндер тізімін типтік оқу бағдарламаларының кредиттер көлеміне сәйкес циклдар бойынша бөлініп, келесі оқу жылына бітіруші кафедраларда жасакталады.

6.3 Элективті пәндердің мазмұнын кафедра оқытушылары әзірлейді. Элективті пәндердің атауы мен мазмұны талаптарға сай болуы керек:

- өзектілігі
- ғылыми
- зерттеу сипаты
- тәжірибелен байланыс
- кәсіби ерекшелікті есепке алу
- оқытушының ғылыми зерттеу бағыты.

6.4 Білім бағдарламаларының ЭПК бітіруші кафедралар талқылайды және факультеттер Кеңесінің отырысына бекітуге ұсынады.

6.5 ЭПК білім бағдарламалары бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде жасакталады. ЭПК электронды нұсқасы университет сайтында жарияланады.

6.6 Элективті пәндерге жазылуды академиялық күнтізбеге сәйкес Тіркеу оғисі жүргізеді.

7 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

7.1 Осы Ережені Басқарма шешімінің негізінде Басқарма Төрағасы-Ректоры бекітеді және оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

7.2 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік күжаттарға және ЖОО ішіндегі ережелерге сәйкес жүргізіледі.

7.3 Өзгеріс болған жағдайда, университетте күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаналарына ауыстырылуы тиіс.

КЕЛІСІЛДІ:

Басқарма мүшесі, академиялық
мәселелер жөніндегі проректор

Мясникова Л.Н.